

ISSN 2518-1483 (Online),  
ISSN 2224-5227 (Print)

2016 • 5

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ  
**БАЯНДАМАЛАРЫ**

**ДОКЛАДЫ**

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**REPORTS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЖУРНАЛ 1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1944 г.  
PUBLISHED SINCE 1944



Б а с р е д а к т о р ы  
х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Адекенов С.М.** проф., академик (Қазақстан) (бас ред. орынбасары)  
**Боос Э.Г.** проф., академик (Қазақстан)  
**Величкин В.И.** проф., корр.-мүшесі (Ресей)  
**Вольдемар Вуйцик** проф. (Польша)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Гордиенко А.И.** проф., академик (Белорус)  
**Дука Г.** проф., академик (Молдова)  
**Илолов М.И.** проф., академик (Тәжікстан),  
**Леска Богуслава** проф. (Польша),  
**Локшин В.Н.** проф. чл.-корр. (Қазақстан)  
**Нараев В.Н.** проф. (Ресей)  
**Неклюдов И.М.** проф., академик (Украина)  
**Нур Изура Удзир** проф. (Малайзия)  
**Перни Стефано** проф. (Ұлыбритания)  
**Потапов В.А.** проф. (Украина)  
**Прокопович Полина** проф. (Ұлыбритания)  
**Омбаев А.М.** проф. (Қазақстан)  
**Өтелбаев М.О.** проф., академик (Қазақстан)  
**Садыбеков М.А.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Сатаев М.И.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Северский И.В.** проф., академик (Қазақстан)  
**Сикорски Марек** проф., (Польша)  
**Рамазанов Т.С.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Такибаев Н.Ж.** проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары  
**Харин С.Н.** проф., академик (Қазақстан)  
**Чечин Л.М.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Харун Парлар** проф. (Германия)  
**Энджун Гао** проф. (Қытай)  
**Эркебаев А.Э.** проф., академик (Қырғыстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының баяндамалары»

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (Алматы қ.)  
Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 01.06.2006 ж.  
берілген №5540-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,  
<http://наука-нанрк.kz>, reports-science.kz

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2016

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор  
д.х.н., проф., академик НАН РК **М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

**Адекенов С.М.** проф., академик (Казахстан) (зам. гл. ред.)  
**Боос Э.Г.** проф., академик (Казахстан)  
**Величкин В.И.** проф., чл.-корр. (Россия)  
**Вольдемар Вуйцик** проф. (Польша)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Гордиенко А.И.** проф., академик (Беларусь)  
**Дука Г.** проф., академик (Молдова)  
**Илолов М.И.** проф., академик (Таджикистан),  
**Леска Богуслава** проф. (Польша),  
**Локшин В.Н.** проф. чл.-корр. (Казахстан)  
**Нараев В.Н.** проф. (Россия)  
**Неклюдов И.М.** проф., академик (Украина)  
**Нур Изура Удзир** проф. (Малайзия)  
**Перни Стефано** проф. (Великобритания)  
**Потапов В.А.** проф. (Украина)  
**Прокопович Полина** проф. (Великобритания)  
**Омбаев А.М.** проф. (Казахстан)  
**Отелбаев М.О.** проф., академик (Казахстан)  
**Садыбеков М.А.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Сатаев М.И.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Северский И.В.** проф., академик (Казахстан)  
**Сикорски Марек** проф., (Польша)  
**Рамазанов Т.С.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Такибаев Н.Ж.** проф., академик (Казахстан), зам. гл. ред.  
**Харин С.Н.** проф., академик (Казахстан)  
**Чечин Л.М.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Харун Парлар** проф. (Германия)  
**Энджун Гао** проф. (Китай)  
**Эркебаев А.Э.** проф., академик (Кыргызстан)

Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан»

ISSN 2518-1483 (Online),

ISSN 2224-5227 (Print)

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5540-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г.Алматы, ул.Шевченко, 28, ком.218-220, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://nauka-nanrk.kz> [reports-science.kz](http://reports-science.kz)

---

©Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г.Алматы, ул.Муратбаева, 75

**E d i t o r i n c h i e f**doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK **M.Zh. Zhurinov****E d i t o r i a l b o a r d :****Adekenov S.M.** prof., academician (Kazakhstan) (deputy editor in chief)**Boos E.G.** prof., academician (Kazakhstan)**Velichkin V.I.** prof., corr. member (Russia)**Voitsik Valdemar** prof. (Poland)**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)**Gordiyenko A.I.** prof., academician (Belarus)**Duka G.** prof., academician (Moldova)**Ilolov M.I.** prof., academician (Tadjikistan),**Leska Boguslava** prof. (Poland),**Lokshin V.N.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Narayev V.N.** prof. (Russia)**Nekludov I.M.** prof., academician (Ukraine)**Nur Izura Udzir** prof. (Malaysia)**Perni Stephano** prof. (Great Britain)**Potapov V.A.** prof. (Ukraine)**Prokopovich Polina** prof. (Great Britain)**Ombayev A.M.** prof. (Kazakhstan)**Otelbayv M.O.** prof., academician (Kazakhstan)**Sadybekov M.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Satayev M.I.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Severskyi I.V.** prof., academician (Kazakhstan)**Sikorski Marek** prof., (Poland)**Ramazanov T.S.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Takibayev N.Zh.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief**Kharin S.N.** prof., academician (Kazakhstan)**Chechin L.M.** prof., corr. member. (Kazakhstan)**Kharun Parlar** prof. (Germany)**Endzhun Gao** prof. (China)**Erkebayev A.Ye.** prof., academician (Kyrgyzstan)**Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.****ISSN 2224-5227****ISSN 2518-1483 (Online),****ISSN 2224-5227 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5540-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of.219-220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/> [reports-science.kz](http://reports-science.kz)

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 5, Number 309 (2016), 332 – 338

UDC 32:061.234

N.L. Seitakhmetova<sup>1</sup>, Sh.M. Zhandossova<sup>2</sup>, K.E. Smagulov<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies CS MES RK Almaty, Kazakhstan;

<sup>3</sup> Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
sholpan\_zhandossova@mail.ru

## POLITICAL ASPECT OF PROBLEM OF RELIGIOUS EXTREMISM

**Abstract.** The problem of terrorism, extremism and counter these phenomena in the world today has become one of the most important – both for individual states and the international community. This is explained by the scope and nature of recently terrorist acts, testifying that they changing their essence from particular human and particular national and turned into global phenomena. In this regard, it is necessary to clearly ascertain the nature of contemporary forms of terrorism and religious extremism in order to develop appropriate methods and mechanisms to overcome these phenomena and their eradication.

Extremism, in general terms is a commitment to extreme views and actions radically negating existing social norms and rules. Extremism, which manifests itself in the political sphere of society, is called political extremism and extremism as manifested in the religious sphere is called religious extremism.

This Article Analyzed the Political Aspect of the Problem of Religious Extremism. Reviewed the Definitions in the Conceptual Apparatus of Extremism.

**Keywords:** Religion, Politics, Religious Extremism, Terrorism, Ideology.

ӘӨЖ 32:061.234

Н.Л. Сейтахметова<sup>1</sup>, Ш.М. Жандосова<sup>2</sup>, Қ.Е. Смағұлов<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup> ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты;

<sup>3</sup> Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

## ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ МӘСЕЛЕСІНІҢ САЯСАТТАНУЛЫҚ ҚЫРЫ

**Аннотация.** Лаңкестік, экстремизм мен қазіргі әлемдегі оның құбылыстарына қарсы тұру мәселелері жекелеген мемлекеттер үшін де, сондай-ақ жалпы дүниежүзілік қоғам үшін де – ең маңызды мәселелердің бірі болуымен негізделеді. Оны соңғы уақытта лаңкестік акциялардың өзінің жеке адами және жеке ұлттық мәнін өзгерте отырып, жалпы дүниежүзілік құбылысқа айналған ауқымымен және сипатымен түсіндіруге болады. Осыған байланысты адекватты әдістер және лаңкестік пен діни экстремизмді жеңу мен жою механизмдерін дайындау мақсатында осы құбылыстардың заманауи формаларының мәнін нақты анықтап алу керек.

Экстремизм, жалпы түрі бойынша қоғамда қолданылатын нормалар мен ережелерді жоққа шығаратын қоғамға қарсы пікірлер мен әрекеттер болып табылады. Қоғамның саяси саласында пайда болған экстремизм саяси экстремизм деп, ал діни салада көрініс тапқан экстремизм діни экстремизм деп аталады.

Аталған мақалада діни экстремизм мәселесінің саясаттанулық қыры талданданған. Экстремизмнің ұғымдық аппаратындағы анықтамалар кеңінен қарастырылған.

**Түйін сөздер:** дін, саясат, діни экстремизм, терроризм, идеология.

### Кіріспе

Діни экстремизм – нақты бір тұлғалардың, топтардың, мемлекеттердің саяси мақсаттарға жету үшін дінді немесе діннің кейбір қағидаттарын идеология, мотивке айналдыру. Яғни дін саясаттың құралына айналатындықтан, діни экстремизм саяси зерттеудің объектісі болып табылады. Осы орайда, діни экстремизмнің идеологиясы, мотивтері, объектілері мен субъектілері, экстремистік

әрекеттер мен ұйымдарды қарастырған жөн.

Экстремистік идеологияның мәнін ұғыну үшін идеология ұғымының құрылымын, типтерін қарастырудан және оны тұтас құбылыс ретінде талдаудан бастаған жөн. «Идеология – адамдардың қоршаған ортаға және бір-бірлеріне қатынастарын белгілейтін және қоғамдық қатынастарды бекіту мен дамытуға қызмет ететін идеялар мен көзқарастардың жиынтығы. Идеологиялық көріністердің негізі ретінде қандай да бір қоғамдық мүдделер анықталады. Таптық қоғамда идеология нақты бір таптың сол қоғамдағы орнын, таптардың өзара қатынастары мен мүдделерін білдіретін таптық сипатта болады. Идеология саяси, құқықтық, діни, этностық, эстетикалық, философиялық көзқарастар формасында көрініс табады» [1].

Өз мәнділігінде идеология объективті әлеуметтік шынайылықтың қандай да бір әлеуметтік қауым тұрғысынан көрініс табуы және осы әлеуметтік қауымның базалық әлеуметтік мүдделерін білдіру, яғни ол қандайда бір әлеуметтік қауымның өзіндік әлеуметтік сана сезімі. «Әлеуметтік топтың (тап, ұлт және т.б.) немесе жеке тұлғаның бекітулері мен таңдаулар жүйесі, ол шынайылықты түсіну мен түсіндіру тәсілі және әлеуметтік игіліктерге, дәрежелер мен рөлдерге қатынастарын білдіру болып табылады» [2].

Формасы жағынан идеология – әлеуметтік шынайылыққа қатысты көзқарастар жүйесі. Бірақ саяси ғылымнан ерекшелігі ол құндылықтық сана болып табылады. Сол себепті, идеология қоғам туралы ғылыми білімдерден бұрын нақты әлеуметтік шынайылыққа қатысты ешбір сынсыз қабылданатын құндылықтар жүйесінен тұрады. Идеологияны құрылымдық тұрғыдан қарастыруда, оның үш деңгейін қарастыруға болады:

1. *Теориялық-концептуалды.* Бұл деңгейде саяси теорияның негізгі ережелері қалыптасады, ұсынылатын қоғамдық құрылымның негізін құрайтын кейбір құндылықтары мен идеалдары негізделеді.

2. *Бағдарламалық директивалық.* Бұл деңгейде әлеуметтік-философиялық принциптер мен идеалдар нақты саяси бағдарламаларға ауысады.

3. *Іс-қимылдық.* Қоғамдық санаға бағдарламалар, ұрандар мен талаптар түріндегі идеологиялық ұстанымдарды енгізу қандай да бір саяси іс қимылдарға әкеледі».

Идеология құрылымы:

– қандай да бір әлеуметтік топтың нақты әлеуметтік шынайылық туралы және ондағы өзінің орны туралы елестетулерінен (теориялық-танымдық);

– нақты әлеуметтік шынайылықты бағалау мен ондағы өзінің орнын жеке (топтық) мүдделер тұрғысынан бағалаудан;

– осы топтың түпкілікті әлеуметтік мүдделерінің іске асуын қамтамасыз ететін, қоғамдық жүйенің үлгісін көрсететін қандайда бір әлеуметтік идеалдан;

– идеалды жүзеге асыратын іс қимылдар бағдарламасынан;

– әлеуметтік-саяси қызмет пен сәйкесті іс-қимылдық ұстанымдар нормаларының, ережелерінің жүйесінен тұрады [3].

Осы орайда, берілген элементтердің қандай да деңгейінде экстремистік идеологияны экстремистік емес идеологиядан ажырату мәселесі туындайды. Мұндай ерекшеліктерді анықтау идеологияның әлеуметтік мазмұнының белгілері негізінде, яғни ол қандай топтың мүдделерін білдіретіндігіне байланысты айқындау толық болмайтыны белгілі. Сәйкесінше, қандай да бір әлеуметтік топтың идеологиясын экстремистік, топтың өзін де экстремистік деп атаудың орынсыз екендігі анықталады. Сонымен қатар қоғамды экстремистік топтар мен экстремистік емес топтар деп бөлудің өзі абсолютті шартты түрде және идеологиялық тұрғыдан алдын ала қалыптасқан сипат алатыны белгілі.

Сол себепті экстремистік және экстремистік емес идеологияның ерекшеліктерін олардың саяси іс-қимыл бағдарламалары мен іс-әрекеттік ұстанымдары арқылы айқындаған жөн. Егер нақты бір идеология жүйелі немесе жаппай зорлық көрсетудің әлеуметтік топтарға геноцид жүргізу шараларына дейінгі радикалды іс-қимыл бағдарламаларынан, сондай-ақ саяси оппоненттері, қарсыластары, өзге сенімдегілерге қатысты шектен шыққан ерікті қимылдар нормаларынан тұратын болса, мұндай идеологияны экстремистік ретінде айқындауға болады. Алайда, идеологияның ішкі байланыстар элементінің логикасы ескерілмей қалады. Өйткені идеологияның бағдарламалық іс-әрекеттік элементтері оның теоретикалық құндылықтық элементтерінің салдары, нәтижелері ғана болып табылады. сол себепті экстремистік идеологияның басты критерийі ретінде осы мазмұнды, теоретикалық құндылықтық критерийлерді ескерген жөн [4].

Нақты қоғам туралы түсініктер мен ондағы өзіндік орынды нақты әлеуметтік топтар арқылы

айқындау, сәйкесінше осы түсініктер мен бағалаулардан пайда болатын қандай әлеуметтік идеалдарды экстремистік іс-әрекеттер мен саяси бағдарламалардың негіздері деп қарастыруға болады. Сонымен нақты әлеуметтік топтың экстремистік идеологиясы ретінде:

– қоғам туралы түсініктер деңгейінде әлеуметтік, нәсілдік және ұлттық теңсіздіктер бар болатын және олар тек жоғары әлеуметтік топтар ғана лайықты өмір сүруге құқылы, ал төменгі топтар шексіз пайдалану тіпті, геноцидке лайықты деген шектен шыққан идеялар болатын;

– әлеуметтік шынайылықты бағалауда қарапайым биополярлы жүйе, яғни өз адамдары мен жат адамдар, мейірімділік пен зұлымдық ретінде бөлу қолданылатын және зұлымдық ретінде сол топтың құқықтары мен мүдделері қысымға түсетін нақты бір әлеуметтік жүйе танылатын болса, ал мейірімділік ретінде сол әлеуметтік жүйемен күресудің кез келген формалары қабылданатын;

– әлеуметтік идеал деңгейінде өзге әлеуметтік топтардың мүдделерінің зардап шегуі арқылы нақты бір әлеуметтік топтың мүдделері толығымен орындалуы жүзеге асырылатын қоғамдық құрылым үлгісі ұсынылатын;

– әлеуметтік іс-әрекет деңгейінде экстремистік идеология қоғамды радикалды түрде өзгертуді ұсынбайды, ол әдетте, нақты әлеуметтік топ және оның мүдделері толықтай сақталатын деңгейде өзгертуді ұсынады. Бұл – утопиялық әлеуметтік фундаментализм немесе консерватизмнің бағдарламасы белгілері бар идеологияны атауға болады [5].

Экстремистік идеологияның әлеуметтік мәнін анықтау, оның әлеуметтік шынайылыққа қатынасын талдау арқылы анықталады. К.Мангейм идеологияны «түсініктердің трансцендентті болмысы және мұнда *de facto* ешқашан өз мазмұнының жүзеге асуына жетпейді», – деп анықтайды [6]. Сонымен қатар ол «болмысқа трансцендентті», мүмкін емес ретінде орын алып отырған өмір сүру салтына сәйкеспейтін түсініктерді атайды. Алайда, К.Мангеймнің өзі егер идеология әлеуметтік шынайылықты өзгерте алса, утопияға айналады деп көрсеткен. Шын мәнінде, идеологияның шынайылыққа қатынасына байланысты мұндай тәсіл экстремистік идеологияның мәнінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік бермейді.

Экстремистік идеологияның әлеуметтік мәні оның заңдылығы мен тарихи шарттандырылғанында, алайда, нақты әлеуметтік топтың осы тарихи шарттылықтарда өзіндік сақталу әрекеттерін шектен тыс формаларда жүзеге асыруында. Мұндай әрекеттердің шектен шығуы мен адекватсыздығы біріншіден, нақты әлеуметтік топ өзінің мүдделерін тек зорлықшыл немесе күш көрсету әрекеттері арқылы, екіншіден, мұндай тарихи экстремалды жағдайдан шығу үшін оны консервативтік тұрғыдан өзгертіп бұрынғы қалпына келтіру және мұнда сол әлеуметтік топтың жағдайлары мен дәрежелерін жақсарту секілді утопияға ұрынады.

Дегенмен, тек бір ғана әлеуметтік топтың мүдделері ғана жүзеге асатын қоғам құрудың мүмкін еместігі секілді тарихи үдерісті тоқтатуға болмайтынын ұғынған жөн. Әрине, тарихтан байқалғандай, нақты тарихи дағдарыстық кезеңді шешу үшін экстремизм емес, әлеуметтік сапалы қайта өзгерту бағдарламасын ұсынатын әлеуметтік революцияны қолдануға болады, мұндағы әлеуметтік топтар мен олардың арақатынастары да өзгере еді, олардың мүдделеріне қатысты әділ компромисстер жүзеге асар еді.

Экстремистік идеология экстремистік әрекеттің негізі мен базисі болып табылады. «Индивидтердің, топтардың, партиялардың саяси қызметтерін оларға өзекті болып табылатын идеалдар мен құндылықтар аясында мәнділік пен мағыналарға толтыра отырып, саяси идеологтар саяси іс-әрекетті мотивациялаушы рационалды құндылықтық формалар ретінде көрініс табады» [7].

### **Негізгі бөлім**

Әдебиеттерде экстремизмді анықтағанда әдетте, экстремистік іс-әрекеттің сипаттамаларына ерекше назар аударылады. Экстремистік іс-әрекеттерді анықтағанда, ең алдымен, экстремистік әрекеттердің негізгі түрлерін тізбелеумен шектеледі, ал олардың жүзеге асырылу мотивтері анықталмайды немесе абстрактілі, бұлдыр сипат алады.

Көп жағдайларда экстремистік әрекеттерді терроризммен теңестірулер кездеседі. «Терроризм – саяси экстремизмнің шектен шыққан көрінісі, қоғамды жүйелі түрде үрейлендіру, тұрақсыздандыру, зорлықпен қорқыту» [8]. Зорлық пен зорлық арқылы үрейлендіру сыртқы белгілері бойынша экстремизм мен терроризмді ұқсас етіп көрсетеді. Террористік қимылдардың барлығы дерлік экстремистер тарапынан қолданылады. Алайда, террористік әрекеттер түрлі идеологиялық мотивацияларға ие болуы мүмкін екендігін естен шығармаған жөн. Және осы негізде экстремистік көзқарастармен шарттандырылған терроризмді, өзге идеологиялық мотивациялармен шарттандырылған террордан айырып алған жөн. Мысалы, экстремистік

әрекеттерді анықтағанда экстремистердің қандай да бір әрекеттерін тізбелеу емес, оның нақты идеологиясын көрсету қажет.

Экстремистік әрекетке экстремистік идеологиямен шарттандырылған, мотивацияландырылған әрекеттер жатады. Экстремизмді әлеуметтік деструктивті радикалдық әрекеттің интитуализацияланған формасы ретінде қарастыра отырып, оның субъектісі мен объектісін, мотиваиясы мен мақсаттарын, сондай-ақ экстремистік әрекеттің жалпы әлеуметтік мәні мен әрекет ету тәсілдерін анықтаған жөн.

Діни экстремистік әрекеттің субъектісі өзіндік сәйкестілігі, әлеуметтік дәрежесі мен мүлдем құру қаупі төнген дағдарысты жағдайға ұшыраған қандай да бір тұлға немесе әлеуметтік топ, этникалық топ немесе тұтас мемлекет пен халық болуы мүмкін. Алайда, көп жағдайларда экстремистік әрекеттің субъектілері қатарына әлеуметтік қауымның күрделі жағдайға ұшыраған тобы мен психологиялық тұрақсыз, радикалды экстремистік идеологияны қабылдағыш тобы өтеді. Мұндай топтарды кейде маргиналды топтар деп те атайды [9].

Діни экстремистік әрекеттің сыртқы объектілері ретінде «жау» категориясына жатқызылған адамдар (жеке тұлғалар немесе әлеуметтік топтар) немесе экстремистер санасында жағымсыз әлеуметтік тәртіп түрінде қабылданатын түрлі әлеуметтік объектілер, институттар, ұйымдар қабылданады. Бірінші жағдайда ашық әлеуметтік агрессияны, екінші жағдайда жанама түріндегі әлеуметтік агрессияны көруге болады. Шын мәнінде, экстремизмнің объектісі нақты дағдарысты әлеуметтік жағдай болып табылады, алайда, ол экстремист санасында нақты «жаулардың» бейнелеріндегі жеке тұлғалар немесе әлеуметтік ұйымдар ретінде қабылданып, агрессиялық қимылдарға бағытталады. Осылайша, экстремизмді нақты объектіге емес, оның өзіндік қабылдауын сәйкес өзгерген формасына кері бағдарланған агрессия ретінде анықтауға болады. Сонымен қатар мұндай агрессиялар көп жағдайда кездейсоқ, кінәсіз тұрғындарға бағытталуы да орын алып тұрады. Мұндай агрессиялар дағдарысты жағдайды шешпейтінін қайта ушықтыра беретіндігі белгілі.

Діни экстремистік әрекеттер өзінің идеологиялық мотиваияларының сипаттамаларына қатысты:

1. Қарапайым идеологиялық мотиваия негізінде пайда болатын, жалпықоғамдық психология деңгейіндегі аяқасты пайда болатын, ретсіз әрекеттер (экстремистік әрекеттердің алғашқы қарабайыр формалары);

2. Қандай да бір идеологиялық жүйеге және одан пайда болатын құндылықтар, идеалдар жүзеге асырылуы тиіс мақсаттарға негізделген саналы идеологиялық әрекеттер (экстремистік әрекеттердің толық формасы) болып екі түрге бөлінеді. Бірінші формадан екінші формаға өту және олардың өзара әрекеттестіктері әрбір нақты жағдайдағы тарихи ахуалдарға тікелей байланысты [10].

Экстремизмнің психологиялық мотиваиясы әлеуметтік үрей мен одан туындайтын агрессия мен қаталдық болып табылады. Сонымен қатар үреймен мотиваияланған экстремистік әрекеттерде психологиялық мотиваияның қысымы азаймай, қайтадан күшейе түседі. Экстремист экстремистік әрекеттерге күштірек әрі тереңірек енген сайын оның экстремистік психологиялық толқыныстары күшейе түсіп, экстремистік әрекеттердің одан әрі жалғасуына әкеледі. Психологиялық жоспарда, дәстүрлі емес ағымдарға қызығушылық туғызатын себептердің арасынан, ресей зерттеуші О. Копылова өмір ағымының шапшаңдығымен және ертеңгі күнге сенімсіздікпен байланысты болатын психологияға салмақ түсудің өршіп келе жатырғандығымен жинақтала түсетін «сезімнің ашығу синдромын» атап көрсетеді [11].

Экстремистік әрекеттердің мақсаты қосарлы, қорғаныштық шабуылдық сипатқа ие болады. Экстремистік әрекет бірінші кезекте қорғаныштық мақсатты көздейді, алайда, көп жағдайларда төтенше және адекватты емес, заңсыз құралдарды қолдана отырып, өзге әлеуметтік топтардың құқықтары мен мүдделеріне қысым көрсетеді. Қорғаныстың мұндай түрі агрессивті, белсенді сипатқа ие болатындықтан, экстремистік әрекеттердің екінші мақсаты экстремистер санасында «жаулар» кейпінде бейнеленетін саяси қарсыластарға максималды түрде шығындар әкелу оларды қирату болып табылады. Экстремистік әрекеттердің кең формаларының соңғы мақсаты – орын алып отырған әлеуметтік жүйені реформалау арқылы өздерінің топтарының сол ортада сақталуы мен дамуына қол жеткізу. Экстремизмнің дамыған интитуализацияланған формасындағы экстремистік әрекетті: идеологиялық насихаттық, ұйымдастырушылық және тәжірибедегі зорлық актілері деп негізгі үш топқа бөліп қарастыруға болады.

Идеологиялық насихаттық әрекеттерге экстремистік идеологияны дайындау, экстремистік



насихаттық материалдарды әзірлеу, экстремистік идеологияны іс жүзінде насихаттау, ал ұйымдастырушылық әрекеттерге экстремистік ұйымдарды құру, олардың қызметтерін жоспарлау, экстремистік ұйымдарды мамандар мен материалдармен және қаржылай қамтамасыз ету жатады. Іс жүзіндегі экстремистік әрекеттердің жиынтығы рухани өнегелік, тәндік болсын зорлық актілерінен, террордан тұрады, ол жеке тұлғалар, топтар мен әлеуметтік ұйымдарға қарсы бағытталады. Мұндай әрекеттер ең аз дегенде, саяси оппоненттерін қорқыту арқылы олардың қарсыласу мүмкіндіктерін шектеу, ең көп дегенде, оларды түпкілікті жою дегенді білдіреді [12].

Діни экстремистік ұйымдардың мәнін анықтағанда бұл экстремистік идеология мен әрекеттердің аясында ерікті түрде біріккен адамдардың топтары екендігін ескерген жөн. Экстремистік ұйымдардың формалары: формалды емес азғантай топтар, заңды әрекет ететін қоғамдық немесе саяси бірлестіктер, партиялар, қозғалыстар болуы мүмкін. Егер экстремистік партия билікті жаулап алса, ол тұтас мемлекетті экстремизм құралы ретінде пайдаланып, оны экстремистік ұйымға айналдырады. Экстремистік ұйым оның формасына қарамастан адамдар тобының нақты идеология аясында бірігулері мен осы идеологияларды жүзеге асыру мақсатындағы бірігулері мен әрекеттері болып табылады [13].

Сонымен, діни экстремизм жоғарыда қарастырылған күрделі үш элементтен: экстремизмнің базисі болып табылатын экстремистік идеологиядан; экстремистік идеологияны жүзеге асыратын экстремистік әрекеттен; экстремистік әрекеттерді әлеуметтік ұйымдастыру формасы болып табылатын экстремистік ұйымдардан құралған күрделі әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Діни экстремизм ішіндегі бөліністер діни сенімдердің формалары немесе діни конфессиялар бойынша бөлінеді. Мұндай критерийлерге сәйкес, діни экстремизм формаларын негізгі конфессияларға қатысты: христиандық (оның ішінде христиандықтың үш бағыттары бойынша), исламдық, буддистік және дәстүрлі емес діни ағымдарға тән экстремизм формаларының топтары, т.б. деп көрсетуге болады. Егер діни экстремистік идеологияның әлеуметтік мазмұнын қарастыратын болсақ, ол – дәстүршілдік (феодалдық немес қауымдық әлеуметтік жүйелерді идеалдандыру негізінде пайда болған) немесе модернистік (капиталистік әлеуметтік жүйені идеалдандыру негізінде пайда болған) діни экстремизм.

Әлеуметтік субъектінің саясатқа қатынасына байланысты діни экстремизмді: биліктік және оппозициялық экстремизм деп екі түрге бөлуге болады. Биліктік – нақты қоғамдағы экономикалық және саяси билікке ие тұлғалар тарапынан жүзеге асырылатын экстремизм. Бұл экстремизм бағынышты топқа қарсы бағытталады. Оппозициялық экстремизм бағынышты әлеуметтік топтардың тарапынан жүзеге асады. Егер алғашқысы билікті сақтап қалу және онымен байланысты жоғарғы топтардың артықшылықтарын да сақтап қалу болса, екіншісі өздерінің жағдайларының күрт төмендеуіне шұғыл қарсылық көрсету болып табылады [14].

Жалпы алғанда, діни экстремизм өзінің мәні жағынан, қазіргі дәуірге тән діни мен зайырлылықтың бөлінуіне радикалды агрессиялар деген пікірлер де жоқ емес. Бұқаралық деңгейде дінді тек рухани, сондай-ақ саяси қатынастарда да адамнан үстем терминдермен түсіндіруге ұмтылу туралы әңгімелер жүргізілуде. Абсолютті бірегей деп, саяси экстремизмнің түрлері болып табылатын, этникалық халықтық экстремизмді, діни-саяси экстремизмді айтуға болады.

Экстремизмнің әртүрлілігіне тән сипаттарының ерекшеліктерін мынадай сәттермен белгілеуге болады:

1. Діни экстремизм – мемлекеттік құрылымды өзгертуге бағытталған (билікті күшпен басып алу да бар) әрекет, мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен егемендігін бұзу. Саяси мақсаттардың соңына түсу – діни экстремизмнен діни-саяси экстремизмді ажыратуға мүмкіндік береді.
2. Діни-саяси экстремизм діни жорамал, не ұрандармен көмкерілетін немесе тасаланатын саяси әрекеттің заңға қарсы түрі болып есептеледі.
3. Өздерінің мақсаттарына жету үшін күресудің күш қолданатын тәсілі – діни-саяси экстремизмнің ерекшелігінің қыры [15].

Діни-саяси экстремизм әлеуметтік-саяси мәселелерді шешу жолында келісімге, ымыраға келу, тіпті, бітімгершіл мүмкіндіктерді теріске шығарады. Діни-саяси экстремизмнің жақтастары, бірдей сенімдегілерді қосқанда, бұлардың саяси көзқарастарын ажыратпайтындардың бәріне қатынасы өрескел төзбестікпен айрықшаланады. Олар үшін ешқандай да «саяси ойын ережелері», рұқсат етілген мен етілмегеннің шекарасы болмайды. Мемлекеттік институттармен майдандасу – олардың мінез-құлқының стилі. Әлемдік діндер үшін, негізі қаланған болып табылатын «алтын аралық» пен «олар сенімен сондай қатынаста болатындай ету үшін, өзгелерге өзін қаламағандай қатынас жасама» деген қағидалар жоққа шығарылады. Олардың қоймасында бос сөздермен келіп

тоғысатын күштеу, өрескел қаталдық пен озбырлыққа ұмтылушылық басты нәрселер болып табылады.

Идеологиялық жоспарда экстремизм:

- барлық өзге бір ойларды терістеу, жек көру, тіпті, оған қысымшылық жасау;
- өздерінің саяси және діни көзқарастар жүйесін қатаң және баламасыз түрде тұжырымдау;
- көшбасшысының бұйрықтарын орындау мен оған бағынуды қалыптастыру және оны табынуға айналдыру болып есептеледі.

Ұйымдасқан құрамдағы діни экстремизм туралы:

- құрылған ұйымның жасырын/астыртын сипатын;
- террор мен агрессияшыл әрекеттерге дейін алып баратын ымырашыл/төзімдіктің болмауын;
- сол мемлекет насихаттайтын құрылым мен қызмет етіп отырған мемлекетке өзін қарсы қоюға тырысуын айтуға болады [16].

### Қорытынды

Жасалған талдауларды тұжырымдай келе зерттеу объектісі саналатын діни экстремизм типін саяси ғылым санаты ретінде ғылыми, қоғамдық, саяси, діни маңыздылық тұрғысынан, оның мазмұнында саяси мүдденің ашық немесе астарлы түрде орын алуына байланысты, пайда болу себептері мен белгілерін талдау арқылы діни-саяси экстремизм ретінде анықтайтын тұжырым жасауға болады.

Осылайша, экстремизмнің ұғымдық аппаратындағы анықтамалардың нақты дифференциациясы және діни-саяси экстремизмді бөліп көрсету қазіргі таңда көрініс тауып отырған діни-саяси экстремизмнің негізгі бағыттарын, субъектілерін және факторларын айқындауға мүмкіндік береді.

Діни-саяси экстремизмнің негізгі сипаттамаларын негізге ала отырып, діни-саяси экстремизмнің субъектілері ретінде түрлі конфессияларға қатысты діни, ұлттық, сепаратистік ұйымдарды көрсетуге болады. Олар өздерінің нақты саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін экстремистік әрекеттерінде діни платформаларды қолданады.

Діни-саяси экстремизмнің пайда болуының және қалыптасуының негізгі факторларын қарастыру шын мәнінде, аса күрделі болып табылады. Діни-саяси экстремизм генезисінің көпфакторлығы оны бір жағынан, қазіргі замандағы әлеуметтік тұрғыдан ең қауіпті құбылыс ретінде көрсетсе, бір жағынан, оны зерттеу деңгейін айтарлықтай күрделендіреді. Оның салдары аталмыш қауіпті құбылыстың алдын алуға бағытталған нақты шараларды жүргізуге кедергілер келтіреді.

### Зерттеуді қаржыландыру көзі

Н.Л., Сейтахметова, Ш.М. Жандосова, Қ.Е. Смағұловтың «Діни экстремизм мәселесінің саясаттанулық қыры» атты тақырыптағы ғылыми мақаласы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры Жас оқымыстылар мен ЖОО студенттеріне Қазақстанда және шетелде өтетін ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға және Конгрестерге қатысуға берілетін «Сапарлар гранттары» конкурсы аясында дайындалды.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Философская энциклопедия. – 1998. – Т. 2. – 229 с.
- [2] Агофонов Ю.А., Визнер С.В., Самыгин С.И., Шилов С.И., Щербак Л.И. Основы политологии. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2000. – С. 271.
- [3] Горелик А. В. Политическая идеология: вопросы и ответы. – Минск: ИПИ, 2005. – С. 17.
- [4] Экстремизм. Мир Словарей. [http://mirсловарей.com/content\\_pol/jekstremizm-763.html](http://mirсловарей.com/content_pol/jekstremizm-763.html).
- [5] Mannheim K. Die Strukturanalyse der Erkenntnistheorie. – Berlin, 1922. – 57 s.
- [6] Mannheim K. Ideologische und soziologische Interpretation der geistigen Gebilde. In: Jahrbuch für Soziologie. – Karlsruhe, 1926. – Bd 2. – 424 s.
- [7] Антонян Ю.М. Терроризм. Криминологическое и уголовно-правовое исследование. – М., 1998. – С.9.
- [8] Мартыненко Б.К. Политический терроризм: понятие, признаки, классификация // Северо-Кавказский юридический вестник. – 1999. – С. 1.
- [9] Рахмон Э. Противодействие террористической угрозе долгосрочная задача // Независимость Таджикистана и возрождение нации. – Душанбе: Ирфон, 2006. – Т.5. – С.16.
- [10] Авдеев Ю.И. Терроризм как социально-политическое явление. Современный терроризм: состояние и перспективы / под ред. Е.И. Степанова. – М.: Эдиториал УРСС, 2000. – С. 50.
- [11] Копылова О.С. Адаптационные процессы в современных поликонфессиональных обществах // Сборник

научных трудов «Взаимоотношения религиозных конфессий многонациональном регионе». – Севастополь: Вебер, 2001. – С. 162.

[12] Трайнин А.Н. Терроризм как метод подготовки и провокации войн // Советское государство и право. – 1952. – №3. – С. 33-34.

[13] Добродеев А. Экстремизм как социально-философское явление // <http://www.pobeda.ru>.

[14] Денисова Л. В. Экстремизм и религия // Материалы международной научно-практической конференции «Экстремизм как социальный феномен». – Курган, 2005. – С. 271-272.

[15] Кабанов П.А. Криминальный политический экстремизм: понятие, сущность и классификация // <http://sartraccs.sgap.ru>.

